



**«ТЕҢІЗСЕРВИС» ЖШС-ІНІҢ
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ
ЕРЕЖЕЛЕРИ**

Ақтау к., 2020ж.

1. ҚҰЖАТТЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1.1. Осы «ТеңізСервис» ЖШС-інің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ережелері (бұдан әрі – Ережелер) заңнаманың қатаң сақталуын қамтамасыз ету мақсатында әзірленді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қатынастарды реттейді.

1.2. Серіктестік бизнес жүргізудің ұждансыз және заңсыз тәсілдерін үзілдікесілді қабылдамайтыны туралы мәлімдейді және қазақстандық, шетелдік және халықаралық органдармен және ұйымдармен ұсынылған сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және жолын кесу саласында өзіне ерікті түрде қосымша міндеттемелер қабылдайды.

1.3. Осы Ережелер сыбайлас жемқорлық әрекетке қатысуға қарсы іс-қимыл саласындағы Серіктестіктің мақсаттары мен міндеттерін айқындаиды, осы іс-қимылдың құқықтық негіздері мен басты принциптерін анықтайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Жұмыскерлердің, Лауазымды және өзге де тұлғалардың міндеттерін, сондай-ақ Ережелерді орындамау (тиісті түрде орындамау) үшін жауапкершілікті белгілейді.

1.4. Осы Ережелер мынадай мақсатта әзірленді:

- Серіктестік әрекетінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қатынастарды реттейтін қазақстандық және шетелдік заңнама талаптарына, бизнес жүргізу этикасының жоғары стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету;
- Серіктестіктің және оның Жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлық әрекетіне қатысу тәуекелін барынша азайту;
- Серіктестіктің Жұмыскерлері мен Лауазымды тұлғаларында, қатысушыларында, инвесторларында, Контрагенттерінде, мемлекеттік органдардың өкілдерінде, басқа да мұдделі тұлғаларда Серіктестік туралы сыбайлас жемқорлықты кез келген нысандары мен көріністерінде мойындауышы ретінде біртұтас түсінік қалыптастыру.

1.5. Осы Ережелердің міндеттері:

- сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Серіктестіктің мақсаттарын, міндеттерін және принциптерін анықтау;
- құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алу, айқындау, жол бермеу және ашу, сондай-ақ оларды дайындаудын, жасайтын немесе жасаған тұлғаларды айқындау және белгілеу;
- негізгі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және алаяқтық тәуекелдерін сәйкестендіру және оларды барынша азайту және / немесе жою жөніндегі іс-шараларды анықтау;
- сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл мақсатында Серіктестіктің корпоративтік мәдениетін қалыптастыру;
- Ережелерде бекітілген принциптерді, шектеулер мен талаптарды сақтау бойынша Серіктестіктің Жұмыскерлері мен Лауазымды тұлғаларының міндеттерін белгілеу;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша Серіктестікте қабылданған шараларды түсіндіру.

1.6. Осы Ережелер Серіктестіктің бизнес жүргізудің жоғары этикалық стандарттарын ұстаушылығын және жоғары іскерлік беделді қолдаушылығын көрсетеді. Серіктестік сыйбайлас жемқорлық өзінің бизнесі мен құндылықтарына қауіп төндіреді деп санай отырып, өзінің адал және риясыз ұйым ретіндегі беделі өзінің ең құнды активтерінің бірі болып табылатынын таниды. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысты Серіктестіктің тұрлаулы ұстанымы оның бизнес жүргізуінің іргелі принциптерінің бірі болып табылады.

1.7. Серіктестік тікелей, сондай-ақ үшінші тұлғаларды тарту арқылы (Делдалдық) жүзеге асырылатын кез келген нысандағы жемқорлық құқық бұзушылық пен парақорлық жасауға тыйым салады, бүкіл әлем бойынша. Серіктестік сыйбайлас жемқорлықты қабылдамайтыны туралы ашық мәлімдейді және жемқорлық құқық бұзушылықтың алдын алу саласында өзіне қосымша міндеттемелер алады.

1.8. Серіктестік Жұмыскерлеріне және Серіктестіктің Лауазымды тұлғаларына Серіктестіктің атынан Саяси маңызды тұлғаларға Ынталандыру төлемдерін жүргізуге қатаң тыйым салады, осындағы төлемдерді делдалдар арқылы төлеуді қоса алғанда.

2. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

2.1. Серіктестіктің барлық Жұмыскерлері мен Лауазымды тұлғалары Ережелерді орындауға міндетті.

2.2. Ережелер Серіктестікке және оның Филиалдарына таралады.

2.3. Серіктестік өзінің Контрагенттеріне осы Ережелердің талаптарын ұстануды және Ережелердің талаптарын өз жұмыскерлерінің сақтауын қамтамасыз етуді ұсынады.

3. АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР

Белсенді парақорлық	Пара ұсыну, уәде беру, рұқсат беру немесе пара төлеу (тікелей немесе жанама түрде), сондай-ақ осындағы қылыққа көмектесу немесе қолдау
Жақын туысқандар	Ата-аналар (ата-анасы), балалары, бала асырап алушылар (қыз асырап алушылар), асырап алынған, тұған және өгей ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер, ата, әже, немелер.
Пара ¹	Саяси маңызды тұлға алатын материалдық құндылықтар (заттар немесе ақша) немесе қандай да бір мүліктік пайда немесе осы тұлға өзінің қызмет дәрежесіне орай пара берушінің мұдделері үшін жасай алуы немесе жасауы тиіс әрекет (немесе, керісінше, әрекетсіздік) үшін қөрсетілетін қызметтер.
Лауазымды тұлғалар	1) заңға, өзге де құқықтық актіге немесе құжатқа орай Серіктестіктің атынан әрекет етуге үәкілдettі тұлғалар; 2) Серіктестік Басқармасының мүшелері.

¹ «Пара» термині мемлекеттік қызметкерді парага сатып алууды көрсету үшін пайдаланылады, ал коммерциялық құрылымның қызметкерін парага сатып алууды көрсету үшін «Коммерциялық түрде парага сатып алу» терминін пайдалану қабылданған.

Серіктестік	«ТеңізСервис» ЖШС
Коммерциялық түрде парага сатып алу	Коммерциялық немесе өзге де үйымда басқару функцияларын орындайтын тұлғаға ақша, бағалы қағаздар немесе өзге де мүліктерді заңсыз беру, сол сияқты оның өз қызмет дәрежесін пайдалануы үшін мүліктік сипатқа ие қызметтерді оған заңсыз көрсету, сондай-ақ парага сатып алууды жүзеге асыратын тұлғаның мүдделері үшін қызмет бойынша жалпы болысушылық немесе қостау.
Контрагент	Серіктестік онымен шарт/келісім бекіткен немесе бекітуді жоспарлап отырған жеке немесе заңды тұлға.
Мүдделер қайшылығы	Серіктестік Жұмыскерінің немесе Лауазымды тұлғасының жеке пайдасы немесе әрекеті Серіктестіктің мүдделеріне қайшы келетін немесе олармен әлеуетті түрде қарама-қайшы келуі мүмкін және осылайша олардың өз лауазымдық міндеттерін тиісті түрде орындауына әкеліп жеткізуі мүмкін және Серіктестікке қатысты мәселелер бойынша қабылданатын шешімдердің объективтілігіне әсер етуі мүмкін кез келген жағдайлар немесе мән-жайлар.
Сыбайлас жемқорлық	Ұсыныс, уәде, заңсыз пайда беру және алу, материалдық және материалдық емес, кез келген нысанда, тікелей немесе делдалдар арқылы, оның ішінде пара түрінде немесе коммерциялық тұрғыда парага сатып алу; және/немесе жемқорлық іс-әрекетті жүзеге асыру кезіндегі Делдалдық; және/немесе Серіктестіктің заңды мүдделеріне қарамастан қызмет бабын теріс пайдалану, өкілеттіктерді теріс пайдалану, жеке тұлғаның өз қызмет дәрежесін басқалай заңсыз пайдалануы, соның ішінде заңсыз пайда, материалдық және материалдық емес, өзі немесе үшінші тұлғалар үшін, немесе көрсетілген тұлғаға осындай пайданы басқа жеке тұлғалар арқылы заңсыз беру.
Жемқорлық құқық бұзушылық	Заңда осы үшін әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік белгіленген сыбайлас жемқорлық нышандары бар құқыққа қарсы қылмысты әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік).

Сылбыр парақорлық	Параны алуға немесе қабылдауға сұрау, талап, келісім, тікелей немесе жанама түрде.
Саяси маңызды тұлға	<p>1) Мемлекеттік қызметкер – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттерден немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қаражаттарынан төленетін мемлекеттік лауазымды мемлекеттік органда орындайтын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру мақсатында лауазымдық өкілеттігін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы;</p> <p>2) Лауазымды тұлға – тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша билік өкілінің функциясын жүзеге асыратын немесе мемлекеттік органдарда ұйымдастырушылық-өкімдік функцияларды орындайтын тұлға;</p> <p>3) Шетелдік лауазымды тұлға – шетел мемлекетінің лауазымды тұлғасы, шетел көпшілік жинальсының мүшелерін, халықаралық ұйымдардың лауазымды тұлғаларын, халықаралық парламенттік жинальсының мүшелерін, шетел мемлекеттерінің соттарын және халықаралық соттың лауазымды тұлғаларын, сондай-ақ шетел мемлекетінің қарулы күштері мен басқа да әскери құралымдарындағы лауазымды тұлғаларды қоса.</p>
Парақорлықтағы / коммерциялық түрде параға сатып алушағы делдалдық	Пара берушінің/ Коммерциялық паралау затын беруші тұлғаның немесе пара алушының / Коммерциялық паралау затын алушы тұлғаның тапсырмасы бойынша параны / Коммерциялық паралау затын (заңсыз сыйақыны) тікелей беру, немесе пара берушіге (немесе) пара алушыға / қатысушы тұлғаларға параны алу немесе беру / Коммерциялық паралау туралы олардың арасындағы келісімге қол жеткізуге, немесе жүзеге асыруға жағдай жасау.
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	Серіктестіктің Жұмыскерлері мен Лауазымды тұлғаларының сыбайлас жемқорлықтың алдын алу (профилактикасы) және сыбайлас жемқорлықпен күресу бойынша әрекеті (жемқорлық құқық бұзушылықтарды тергеу).
Жемқорлық әрекеттің алдын алу	Серіктестікте жемқорлық құқық бұзушылыққа жол берілмеуін қамтамасыз ететін корпоративтік мәдениет элементтерін, ұйымдастыру құрылымын,

	ішкі құжаттармен регламенттегін ережелер мен рәсімдерді енгізуге бағытталған іс-шаралар.
Жұмыскер	Серіктестікпен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шартына сәйкес жұмыс орындайтын тұлаға, сондай-ақ агенттіктер арқылы шарт бойынша немесе азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша тартылатын өзге де тұлағалар.
Жекжаттар	Жұбайының аға-інілтері, апа-сіңлілері, ата-аналары, балалары.
Бінталандыру төлемдері	Кертартпа ресми әрекеттерді жеделдешту мақсатында (мысалы, рұқсаттарды, лицензияларды немесе өзге де ресми құжаттарды беру; визаларды, жұмыс рұқсаттарын және өзге де иммиграциялық құжаттарды беру; кеденнен тауарлардың өткізілуіне рұқсат алуды жеделдешту; жылжымайтын мүліктің немесе көлік құралдарының мемлекеттік тіркеуін жеделдешту; коммуналдық және өзге де қызметтерді (мысалы, телекоммуникациялар, күзет) көрсету кезінде жеделдешту Саяси маңызды тұлағаның пайдасына бағытталған төлемдер және басқалары.

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК

4.1. Серіктестіктің Жұмыскерлері/Лауазымды тұлағалары өз қызмет міндеттемелерін орындаған кезде:

- 1) Ережелермен танысуға және Ережелерді сақтау туралы міндеттемеге қол қоюы тиіс. Міндеттеме Саясаттың №1 қосымшасына сәйкес нысан бойынша еңбек шартының қосымшасы түрінде рәсімделеді;
- 2) №2 қосымшага сәйкес, негізгі ұғымдары және жол берілмейтін жемқорлық қылыш мысалдары берілген есекертпені басшылыққа алыу;
- 3) Жұмыскердің іскерлік қасиеттерін бағалаған кезде, соның ішінде әны жоғары тұрган лауазымға тағайындау жағдайында, өзге де кадрлық мәселелерді шешкен кезде Ережелердің сақталуын есепке алуға;
- 4) Ережелерде көзделген, соның ішінде сыйлық сыйлауға, алуға; өкілдіктік шығыстарға, қайырымдылық және демеушілік әрекетке; саяси әрекетке қатысуға; мемлекеттік өкілдермен, Саяси маңызды тұлағалармен және қоғамдық ұйымдармен, Контрагенттермен, делдалдармен, үшінші тұлағалармен өзара әрекетесуге; Мұдделер қайшылығына жол бермеуге; есептілік жүргізуға қатысты шектеулер мен талаптарды қатаң сақтауға тиіс;
- 5) мынадай іс-әрекеттерге үзілді-кесілді тыйымды қатаң сақтауы тиіс:
 - жемқорлық іс-әрекеттерге қатысу, соның ішінде Саяси маңызды тұлағаларға паралық, уәде етпеу, бермеу;

- пара сұрау және алу (Коммерциялық паралау);
- Контрагенттерді немесе Контрагенттермен Жұмыскерлерді/ Лауазымды тұлғаларды Коммерциялық паралауға қатысу;
- әкімшілік, бюрократиялық және өзге де рәсімділіктерді оңайлату үшін, өзі үшін, Серіктестік үшін немесе үшінші тұлғалар үшін пайда алу мақсатында кез келген нысанда төлемдер жасау, соның ішінде ақшалай қаражат немесе оның баламасы, құндылықтар, қызметтер немесе мүліктік немесе мүліктік емес сипаттағы өзге де пайда түрінде, қандай да бір тұлғаларға немесе қандай да бір тұлғалардан немесе ұйымдардан, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарды, билік органдары мен жергілікті өз-өзін басқару органдарын, Саяси маңызды тұлғаларды қоса;
- 6) Серіктестіктің Контрагенттерінен және басқа да үшінші тұлғалардан ғара сұрауға және алуға үзілді-кесілді тыйымды қатаң сақтауға;
- 7) Серіктестіктің өзге де ішкі құжаттарында (Ережелерге қайшы келмейтіндерге қатысты) белгіленген сыйбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар мен шектеулерді сақтауға тиіс.

4.2. Серіктестіктің *Жұмыскерлері/Лауазымды тұлғалары*

Контрагенттермен өзара әрекеттесе отырып, іскерлік қатынастарды адал және риясыз негізде жүргізетін Контрагенттермен іскерлік қатынастарды орнатуы және оларды сақтауы, өз беделінің қамын ойлап, шаруашылық әрекет жүргізген кезде жоғары этикалық стандарттарды қолдайтынын көрсетуі тиіс.

4.3. Құқықтық жұмыс департаменті Контрагенттермен бекітілетін шарттарға сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты - №3 қосымшада көзделген нысан бойынша сыйбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені сақтау туралы қағидалардың енгізілуі үшін жауапкершілік көтереді.

4.4. Адам ресурстарын басқару департаменті Серіктестіктің барлық Жұмыскерлері мен Лауазымды тұлғаларынан осы Ережелерді сақтау туралы №1 қосымшада көзделген нысан бойынша жазбаша міндеттеме алу үшін жауапкершілік көтереді.

5. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА

5.1. Осы Ережелер Қазақстан Республикасының заңнамасын, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы халықаралық заңнаманы және Серіктестіктің ішкі құжаттарын ескере отырып құрастырылған.

5.2. Көрсетілген актілердің коммерциялық ұйымдарға қатысты негізгі талаптары:

- пара беруге және Коммерциялық паралауға тыйым салу;
- Саяси маңызды тұлғаларды парага сатып алуға тыйым салу;
- Делдалдылыққа тыйым салу;
- пара және Коммерциялық паралау затын алуға тыйым салу.

6. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРИ

Серіктестік өз әрекетінің аясында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мынадай принциптерін басшылыққа алады:

6.1. «нөлдік төзімділік» принципі (сыбайлас жемқорлықты кез келген нысанда және көріністе қабылдамау) - Серіктестіктің Жұмыскерлері мен Лауазымды тұлғаларына, сондай-ақ Серіктестіктің атынан және/немесе оның мудделері үшін әрекет ететін өзге де тұлғаларға, тікелей немесе жанама түрде, жеке дара немесе қайсыбір Делдалдық арқылы қайсыбір елде бизнес жүргізу практикасына қарамастан жемқорлық іс-әрекеттерге қатысуға толықтай тыйым салу;

6.2. «жоғарыдан бағыт беру» принципі - Серіктестіктің Лауазымды тұлғалары өздерінің мінез-құлқымен бизнес жүргізудің жоғары этикалық стандарттарын ілгері жылжыту және сыбайлас жемқорлықты кез келген көрінісінде қабылдамау бойынша Серіктестіктің Жұмыскерлеріне үлгі көрсетеді;

6.3. тиісті сақтық принципі - сыбайлас жемқорлыққа тартылған болуы мүмкін немесе сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзімді болуы мүмкін Контрагенттермен іскерлік қатынастар жасау тәуекелін барынша азайту ушін Контрагент туралы қажетті және ақырат ақпарат алуға бағытталған іс-әрекеттер кешені;

6.4. сыбайлас жемқорлықтың алдын алу принципі - Серіктестік сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі профилактикалық шараларды ерте бастаң қолданады, яғни, ең алдымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін айқындауға және оларды барынша азайтуға бағытталған корпоративтік мәдениет элементтерін, үйымдастыру құрылымын, ережелер мен рәсімдерді енгізу;

6.5. жазаның қолданылмай қалмайтындығы - Серіктестік корпоративтік басқарудың барлық деңгейлерінде аяляқтық пен сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандары мен көріністеріне ымырасыз қарайтыны туралы мәлімдейді. Кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тарту олардың лауазымдары мен Серіктестікке жұмыс істеген мерзімдеріне және олармен қалыптасқан өзге де қарым-қатынастарға қарамастан, заңнамада және Серіктестіктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады;

6.6. мониторинг және бақылау - Серіктестік сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі енгізілген рәсімдерге мониторинг жүргізеді, олардың сақталуын бақылайды және оларды жүйелі түрде жетілдіреді;

6.7. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастық - Серіктестік сыбайлас жемқорлық мәселесінің жалпы әлеуметтік сипатын және мемлекеттік саясат шеңберінде жүзеге асырылатын шаралар арқылы, сондай-ақ Серіктестіктің Жұмыскерлері, Лауазымды тұлғалары және Контрагенттері тарапынан сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру арқылы оған қарсы әрекет ету қажеттілігін таниды;

6.8. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жұмыскерлерді тарту - Серіктестік Жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлықты оның кез келген нысандары мен көріністерінде қабылдамайтын жеке ұстанымын қалыптастыруды өз міндетіне қояды;

6.9. анық есептілік жүргізу принципі - Серіктестікте заңнама талаптары және есептілік құжаттамасын жүргізу ережелері қатаң сақталады. Шаруашылық өмірдің әрбір фактісі бастапқы есепке алу құжатымен рәсімделуі тиіс. Бухгалтерлік, басқару және өзге де есеп түрлерін немесе растайтын құжаттарды бұрмалауға немесе боямалауға жол берілмейді.

7. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ӘРЕКЕТІНІҢ ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕ ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР

7.1. Ақпарат беру және оқыту

Серіктестіктің Жұмыскерлері/Лауазымды тұлғалары Серіктестіктің серверінде ашық түрде қол жеткізуге болатын осы Ережелермен танысу арқылы окудан өтеді.

7.2. Серіктестіктің Контрагенттерін және ізденушілерін тексеру

Іскерлік қарым-қатынастарды бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдаудың алдында, ізденушілерді кандидаттарды жұмысқа тартқан кезде, заңды тұлғаларға қатысқан кезде, Контрагенттермен және өзге де мүдделі тараптармен өзара әрекеттескен кезде Серіктестік олардың сенімділігін тексеруді, Мүдделер қайшылығының жоқтығын, Саяси маңызды тұлғалармен өзара байланыстарын тексеруді жүзеге асырады, қолжетімді ақпараттың негізінде беделі туралы ақпаратты талдайды.

Ізденушілердің белгіленген, соның ішінде осы Ережелерде белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру рәсімі Серіктестіктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

7.3. Бухгалтерлік есеп пен аудит

Ақпараттың барлық мүдделі тараптар үшін қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында Серіктестік бухгалтерлік, салық және басқару есебін жүргізуінде заңнаманың және ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына толығымен сәйкес жүзеге асырады.

Барлық қаржылық-шаруашылық операциялар бухгалтерлік есепте және өзге де есеп түрлерінде, толықтық, сенімділік және ашықтық принциптерін ескере отырып көрсетіледі.

Серіктестік шаруашылық операцияларды бухгалтерлік есепте көрсетпей жүзеге асыруға, бухгалтерлік, басқару және өзге де есеп түрлеріндегі деректерді немесе растайтын құжаттарды бұрмалауға немесе боямалауға жол бермейді.

Серіктестіктің барлық шаруашылық операциялары тиісті қараудан өтеді және ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес уәкілетті Жұмыскерлермен бекітіледі.

Бухгалтерлік есеп пен есептілік заңнаманың және Серіктестіктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес жүйелі ішкі және сыртқы аудиттен өтеді.

7.4. Өкілдіктік шығыстарды жүзеге асыру және сыйлықтар сыйлау

Сыйлықтарды алу және беру, қонақжайлыштың білдіру құрмет пен сыпайлықтың белгісі болып табылады, жақсы іскерлік қатынастарды қалыптастырады, мынадай шартпен: олар символикалық сипатқа ие, іскерлік практикаға сай, Серіктестік үшін бедел тәуекелін туыннатпайды, жасырын сыйақы болып табылмайды, шешім қабылдауға ықпал тигізуді талап етпейді және басқа тұлғаларға осындай ықпалды күтүге сылтау бермейді.

Егер, Жұмыскердің пікірінше, сыйлықты немесе іскерлік кешкі асқа/ланчқа шақыруды қабыл алу Контрагенттің немесе үшінші тұлғаның тарапынан негізсіз пайда алу болжалының пайда болуына әкеліп жеткізген болса, оған бұл туралы өзінің тікелей басшысына хабарлау қажет.

Лауазымды тұлғалар сыйлықтар алуға немесе Контрагенттің есебінен кешкі асқа/ланчқа шақыру қабылдауға құқықсыз.

Лауазымды тұлғалар/Жұмыскерлер Саяси маңызды тұлғаға ақша қаражаттарын, сыйлықтар, қонақжайлылық белгілерін, қандай да бір құндылықтар ұсынуға немесе одан алуга құқықсыз. Ерекше жағдайлар - Саяси маңызды тұлғалар ардағерлерге медальдар беру үшін, Серіктестіктің Жұмыскерлерін құттықтау үшін, өндірістік объектілерді салтанатты ашуға, сондай-ақ мемлекеттік және ұлттық мейрамдарға, сондай-ақ Серіктестік пен осы Саяси маңызды тұлғалардың өзара әрекетін талқылау мақсатында шақырылған шаралар. Бұл ретте осы шаралардың шеңберінде Саяси маңызды тұлғаға басқа шақырылған тұлғаларға қатысты артықшылықтар берілмейді.

Сыйлықтарды сыйлау және алу, сондай-ақ өкілдіктік шығыстар Серіктестіктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

7.5. Қайырымдылық және демеушілік әрекетті жүзеге асыру бойынша шектеулер

Серіктестік мемлекеттік органдарға, мемлекеттік лауазымды тұлғаларға және өзге де Саяси маңызды тұлғаларға және саяси партияларға қайырымдылық және демеушілік көмекті тікелей көрсетпейді.

Серіктестік Басқармасының алдын ала шешімі бойынша Серіктестік қайырымдылық және демеушілік көмекті тұрмысы төмендерге, көп балалыларға, мүгедектерге және халықтың өзге де әлеуметтік қорғалмаған топтарына материалдық көмек көрсету; төтенше жағдайлардың және (немесе) дүлей апаттардың салдарларын жою; әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту; мәдени-көпшілік және (немесе) спорт шараларын өткізу; спорт, ғылым және (немесе) білім беру үйымдарын қолдау мақсатында ғана көрсете алады.

Серіктестік қайырымдылық және демеушілік әрекетті осы Ережелердің және Серіктестіктің басқа да ішкі құжаттарының талаптарын сақтай отырып жүзеге асырады.

7.6. Саяси әрекетке қатысудан бас тарту

Серіктестік тікелей немесе жанама түрде саяси партияларға, үйымдарға және олармен байланысты қорларға қатыспайды, соның ішінде оларды қолдау үшін демеушілік және өзге де төлемдерді жүзеге асырмайды.

Серіктестіктің Жұмыскерлері мен Лауазымды тұлғалары жұмыстан бос уақытында жеке тұлға ретінде өз қалауы бойынша саяси әрекетке қатысуға құқылы, егер бұл ретте осындай қатысу Серіктестіктің мұдделеріне зиян келтірмесе және Мұдделер қайшылығын туыннатпаса.

7.7. Сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасағаны үшін жауапкершілікке тарту

Серіктестік сыбайлас жемқорлық әрекеттер және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ішкі құжаттардың талаптарын бұзы үшін осындай бұзудың көлемі мен түріне қарамастан жауапкершілікке тез және бұлтартпай тарту үшін барынша ақылға қонымды және занды күшін салады.

Серіктестік осы Ережелерде белгіленген жемқорлық құқық бұзушылықты жасағаны үшін жауапкершілікке тартылған тұлғалар туралы ақпаратты белгіленген тәртіппен жариялау құқығын өзінде қалдырады.

7.8. Жауап шаралардан бас тарту

Серіктестік жемқорлық құқық бұзушылықты жасаудан бас тартқан Серіктестіктің Жұмыскерлері/Лауазымды тұлғалары тәртіптік жауапкершілікке тартылмайтынына кепілдік береді, тіпті егер осындай бас тартудың нәтижесінде Серіктестік қосымша материалдық және материалдық емес пайда алмаған, заңнаманы немесе осы Ережелердің талаптарын бұза отырып қана олардан құтылу мүмкін болған залалдарды шеккен жағдайда да.

Серіктестіктің басқа Жұмыскері/Лауазымды тұлғасы жасаған болжалды жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы адал ниетпен хабарлаған Серіктестіктің Жұмыскерлеріне/Лауазымды тұлғаларына қатысты жауап шараларды Серіктестік жол бергісіз деп санайды және оларды уақтылы айқындауға және тоқтатуға тырысады, тіпті егер осындай күдік расталмаған жағдайда да.

Осы Ережелер Серіктестікте этикалық нормалар мен принциптерді ілгері жылжыту жүйесіндегі негізгі буын болып табылады және әріптермен және сыртқы мүдделі тараптармен қарым-қатынастарды адалдық пен сенімнің негізінде орнатуға, Серіктестіктің беделіне, сондай-ақ айналадағыларға зиян келтіруі мүмкін іс-әрекеттерге жол бермеуге тырысуға шақырады.

7.9. «Жедел желі»

Серіктестікке жоғары сенім деңгейін, іскерлік этиканың халықаралық стандарттарын сақтау, сондай-ақ алаяқтық пен сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және жолын кесу мақсатында Серіктестік «жедел желі» жұмыс істейді.

«Жедел желіге »кез-келген адам өзіне ыңғайлы нысанда жүгініп, оның ішінде атын атамай, Серіктестікте ұрлық және ысырап ету, алаяқтық, парақорлық, Коммерциялық паралау, Мұдделер қайшылығы фактілері, сыйбайлас жемқорлықтың және Ережелердің қағидаларын бұзудың басқа да көріністері туралы хабарлай алады.

Әрбір жүгіну мұқият қаралады, шағымдарды қарау нәтижелері Серіктестіктің жауапты тұлғаларының назарына жеткізіледі, егер негіздер болса, Серіктестіктің ішкі құжаттары мен рәсімдеріне сәйкес тиісті тексеру жүргізіледі. «Жедел желі» байланыстары Интернет желісіндегі Серіктестіктің ресми сайтында, ақпараттық стендтерде және басқа да қоғамдық орындарда орналастырылған.

7.10. Құқық қорғау органдарымен өзара әрекеттесу

Серіктестік өзіне мәлім болған жемқорлық құқық бұзушылық туралы тиісті құқық қорғау органдарына хабарлау міндеттемесін өзіне алады.

Серіктестік Жұмыскерлерінің құқық қорғау органдарымен өзара әрекеттесуі келесі нысандарда орын алуы мүмкін:

- сыйбайлас жемқорлық және алаяқтық белгілері бар құқық бұзушылық жағдайлары туралы құқық қорғау органдарына хабарлау;
- құқық қорғау органдарына сыйбайлас жемқорлықтың жолын кесу немесе тергеу бойынша іс-шараларды өткізуге көмек көрсету.

8. САЯСИ МАҢЫЗДЫ ТҰЛҒАЛАРМЕН ЖӘНЕ ЖҰРТШЫЛЫҚПЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

Серіктестік Саяси маңызды тұлғалармен кез-келген сұхбат пен өзара іс-қимыл белсенді, адал, ашық, жауапкершілікті және дәйекті көзқарасқа негізделуі және қолданыстағы заңнамага және іскерлік этика стандарттарына сәйкес келуі керек деп санайды.

Серіктестік Жұмыскерінің/Лауазымды тұлғасының Саяси маңызды тұлғалармен кез-келген заңсыз қарым-қатынасына қатаң тыйым салынады.

Серіктестік Саяси маңызды тұлғалардың, сондай-ақ олардың Жақын туыстарының, жұбайларының, Жекжаттарының пайдасына кез-келген төлемдерден бас тартады, тікелей немесе жанама мақсаттар үшін қандай да бір заңсыз артықшылықтар мен женілдіктерді алу үшін Серіктестіктен материалдық немесе басқа да пайда алуды қоса алғанда, оның ішінде:

- өкілдіктік іс-шараларға қатысады ұйымдастыру немесе төлеу (өтемақы);
- демалысты, ауруларды емдеу мен алдын алуды ұйымдастыру немесе төлеу (өтемақы);
- іссапарға бару ақысын және басқа да шығындарды ұйымдастыру немесе төлеу (өтемақы).

Серіктестіктің қаражаты есебінен Саяси маңызды тұлғалардың қатысуымен ішшара ұйымдастырылған жағдайда, мұндай шараның бастамашысы Серіктестіктің Басшылығынан осы іс-шараға алдын ала келісім алуы керек. Бұл ретте Өкілдіктік шығыстары Серіктестік белгілеген өкілдіктік шығыстардан аспауы тиіс.

Серіктестіктің Жұмыскерлеріне/Лауазымды тұлғаларына айырбастау немесе заңсыз артықшылықтар немесе женілдіктер алу мақсатында Саяси маңызды тұлғаларға тікелей немесе делдалдар арқылы ақша қаражаттарын, қандай да бір өзге құндылықтарды немесе материалдық немесе өзге де пайданы ұсынуға, беруге, уәде етуге, беретіндігіне сендіруге тыйым салынады.

Серіктестіктің Жұмыскерлеріне/Лауазымды тұлғаларына тікелей немесе делдалдар арқылы Саяси маңызды тұлғаларға кез-келген Ынталандыру төлемдерін ұсынуға, беруге немесе уәде етуге тыйым салынады.

Серіктестіктің Жұмыскерлері/Лауазымды тұлғалары Саяси маңызды тұлғалар сыйбайлас жемқорлық әрекетін жасауға немесе жасауға жәрдемдесуге дайын деп қабылдауы мүмкін мінез-құлықты болдырмауға міндетті. Бұл талаптар өзара әрекеттесудің барлық жағдайларына, соның ішінде ауызша және жазбаша өтініштерге, келіссөздерге таралады.

Саяси маңызды тұлғалардан өзінің пайдасына немесе өзінің Жақын туыстарының, жұбайларының, Жекжаттарының пайдасына ақша қаражаттарын, қандай да бір өзге құндылықтарды немесе материалдық немесе өзге де пайданы беруге өтініш, талап, бопсалау, тұспал ретінде қабылдануы мүмкін ақпарат алған Серіктестіктің Жұмыскері/Лауазымды тұлғасы тиісті Саяси маңызды тұлғамен іскерлік байланысты тоқтата тұруға және 1 (бір) жұмыс күні ішінде Серіктестіктің жоғары басшылығына осындай жағдайдың болғаны туралы хабарлауға міндетті.

Өз әрекетінің заңдылығы немесе этикасы туралы кез келген күмән туындаған жағдайда, Серіктестіктің Жұмыскерлері/Лауазымды тұлғалары Серіктестіктің құқықтық жұмыс департаментінен кеңес алуға міндетті.

9. ЕРЕЖЕЛЕРДІ ОРЫНДАМАУ (ТИІСТІ ТҮРДЕ ОРЫНДАМАУ) ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Осы Ережелердің талаптарын орындау үшін Серіктестіктің әрбір Жұмыскері/Лауазымды тұлғасы, атқаратын лауазымына қарамастан, жауап береді.

Серіктестік Жұмыскерінің/Лауазымды тұлғасының жемқорлық құқық бұзушылық және/немесе алаяқтық әрекеттер жасауы еңбек міндеттерін өрескел бұзы деп танылады.

Серіктестіктің Жұмыскері/Лауазымды тұлғасы, мәртебесіне және лауазымына қарамастан, жауапкершілікке тартылады. Жауапкершілікке тарту Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Егер Серіктестік Жұмыскерінің/Лауазымды тұлғасының жемқорлық құқық бұзушылықтарға және/немесе алаяқтық әрекеттерге қатысқаны анықталса, Серіктестік Жұмыскерді/ Лауазымды тұлғаны тәртіптік жауапкершілікке тартуға, оның ішінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен шартты бұзуга құқылы.

Егер жеткілікті негіздер болса, жоғарыда аталған фактілер бойынша ішкі тергеу материалдары құқық қорғау органдарына кінәлі тұлғаларды әкімшілік немесе қылымстық жауапкершілікке тарту туралы өтінішпен жіберіледі.

Серіктестікке зиян немесе залал келтірілген жағдайда, Серіктестік жемқорлық құқық бұзушылықтар және/немесе алаяқтық әрекеттер жасаған тұлғага қатысты азаматтық талап арызбен сотқа жүргіну құқығын өзінде қалдырады.

10. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Іскерлік этиканың халықаралық стандарттарын, бизнесі жүргізуудің ашықтығы мен айқындылығын сақтау үшін Серіктестіктің Жұмыскерлері/Лауазымды тұлғалары Серіктестіктің ішкі құжаттарына сәйкес өздерін жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермеледің барлық жағдайлары туралы Басшылыққа хабарлауы тиіс.

Серіктестіктің басқа Жұмыскерлерінің/Лауазымды тұлғаларының немесе Контрагенттердің іс-әрекеттерінің заңдылығына, ықтимал жемқорлық құқық бұзушылықтарға және басқа да заң бұзушылықтарға, соның ішінде ұрлау, алаяқтық, парақорлық, Коммерциялық паралау, Мұдделер қайшылығы және т.б. қатысты күмән болған жағдайда, Серіктестіктің Жұмыскері/Лауазымды тұлғасы, Контрагент, қатысушы немесе өзге де тұлға ашық диалог түрінде (оның ішінде жасырын түрде) өздерінің күмәндары туралы Серіктестіктің басшылығына хабарлай алады.

«ТеңізСервис» ЖШС-інің
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл жөніндегі ережелеріне
№ 1 қосымша

**«ТеңізСервис» ЖШС-інің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
жөніндегі ережелерін сақтау міндеттемесі**

1. Жұмыскер «ТеңізСервис» ЖШС-інің (бұдан әрі – «Серіктестік») Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ережелерінің (бұдан әрі - «Ережелер») мазмұнымен танысып шыққанын растайды және оларды сақтауға міндеттенеді.

2. Жұмыскер мыналарға міндетенеді:

2.1. Сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе үшінші тұлғалардың Делдалдығы арқылы қатыспау, оның ішінде рәсімділіктің кез-келген түрін жеңілдету үшін Пара ұсынбау, уәде бермеу, сұрамау және алмау (Ынталандыру төлемдері), соның ішінде ақшалай қаражаттар, құндылықтар, қызметтер немесе өзге де пайда түрінде, немесе кез келген тұлғаларға немесе қайсыбір тұлғалардан, коммерциялық ұйымдарды, билік және өзін-өзі басқару органдарын, қазақстандық және шетелдік мемлекеттік қызметкерлерді, жеке компанияларды және олардың өкілдерін қоса.

2.2. Серіктестіктің мұддесі үшін немесе оның атынан жемқорлық құқық бұзушылық жасауға немесе оған қатысуға дайын болу ретінде түсіндірілуі мүмкін мінез-құлықтан аулақ болу.

2.3. Тікелей басшыға:

- Жұмыскерді жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелей жағдайлары туралы;

- Серіктестіктің басқа Жұмыскерлерімен, Контрагенттерімен немесе өзге де тұлғалармен жасалған жемқорлық құқық бұзушылық туралы Жұмыскерге белгілі болған ақпарат туралы;

- Жұмыскерде туындауы мүмкін немесе туындаған Мұдделер қайшылығы туралы дереу хабарлау керек.

3. Жұмыскер Басшылыққа өз іс-әрекеттерінің заңдылығы немесе этикасы туралы кез-келген күдігі туралы, сондай-ақ басқа Жұмыскерлердің, Контрагенттердің немесе Серіктестікпен өзара әрекеттесетін басқа тұлғалардың әрекеттері, әрекетсіздігі немесе ұсыныстары туралы ақпарат беру мүмкіндігімен танысты.

4. Жұмыскерге Серіктестіктің бір де бір жұмыскері, оның ішінде оның өзі де, егер ол сыбайлас жемқорлық фактісі туралы хабарлаған болса, немесе Пара беруден немесе оны алушан, Коммерциялық паралау немесе басқа жолмен Делдалдық жасудан бас тартса, оған санкциялар мен қысым көрсетілмейтіндігі түсіндірілді, соның ішінде осындай бас тарту нәтижесінде Серіктестік кірісін жоғалтты немесе коммерциялық және бәсекелестік артықшылықтарға ие болмады.

5. Жұмыскерге қазақстандық және басқа да қолданыстағы заңнаманың сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарын, сондай-ақ Серіктестіктің этика кодексінің талаптарын бұзғаны үшін тәртіптік, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және / немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылу мүмкіндігі туралы ескертілді.

6. Жұмыскерге Ережелердің және қолданыстағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың принциптері мен талаптары туралы қосымша сұрақтар туындаған жағдайда, оның Басшылыққа жүгіне алатындығы түсіндірілді.

«___» _____ 20__ ж.
_____ / _____

«ТеңізСервис» ЖШС-інің
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл жөніндегі ережелеріне
№ 2 қосымша

**«ТеңізСервис» ЖШС жұмыскерінің
сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың
талаптарын сақтау жөніндегі ескертпесі**

1. Қандай мінез-құлыққа тыйым салынады?

«ТеңізСервис» ЖШС-інің (бұдан әрі – «Серіктестік») Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ережелері (бұдан әрі - «Ережелер») сыбайлас жемқорлықтың кез-келген түріне тыйым салады: қызмет бабын асыра пайдалану, Пара беру (Белсенді парақорлық), пара алу (Сылбыр парақорлық), Делдалдық, өкілеттікті теріс пайдалану, Коммерциялық паралау немесе өзі немесе үшінші тұлғалар үшін ақша, құндылықтар, басқа мүлік немесе мүліктік сипатқа ие қызметтер, өзге де мүліктер түрінде пайда алу үшін, Серіктестіктің және мемлекеттің мұдделеріне қайшы түрде жеке тұлғаның өз қызметтік дәрежесін өзге де заңсыз пайдалануы немесе көрсетілген тұлғаға басқа жеке тұлғалардың осындай пайданы заңсыз ұсынуы, сондай-ақ заңды тұлғаның атынан немесе оның мұддесі үшін көрсетілген әрекеттерді жасау.

2. Пара дегеніміз не?

Пара дегеніміз - бұл қабылданатын материалдық құндылықтар (заттар немесе ақша) немесе қандай да бір мүліктік пайда немесе осы тұлға өзінің қызмет дәрежесіне орай пара берушінің мұдделері үшін жасай алуы немесе жасауы тиіс әрекет (немесе, керісінше, әрекетсіздік) үшін көрсетілетін қызметтер.

Пара қаржылық немесе басқа да артықшылықты қоса алғанда, құнды нәрсе болуы мүмкін. Параға мысал ретінде мыналар жатады (бірақ олармен шектелмейді):

- ақшалай төлемдер немесе ақшалай қаражаттар түріндегі немесе олардың баламалары бойынша төлемдер туралы уәде (мысалы, сыйлық сертификаттары),
- сыйлықтар, ойын-сауық және қонақжайлышты белгілері (мысалы, саяхат, тамақтану және тұру),
- қызметтер, несиeler мен бағалы қамсыздық,
- мүлік немесе кез-келген тұрдегі мүліктегі қайсыбір үлес,
- өсімақыдан қорғау және қайсыбір міндеттемеден босату,
- лайықты емес сыйакы үшін ұсынылатын кез келген нәрсе,
- практика, жұмыс тәжірибесін немесе уақытша немесе тұрақты жұмыс ұсыну (Жақын туыстарға, жұбайларға, Жекжаттарға осындай қызметтерді/женілдіктерді беруді қоса);
- саяси немесе қайырымдылық жарналары.

Парақорлықтан қорғану кезінде Пара кез-келген жергілікті өнеркәсіпте, істе, мамандықта немесе кәсіпте қажетті шара болып табылатындығы дәлел бола алмайды.

3. Белсенді парақорлық

Серіктестіктің Жұмыскерлері/Лауазымды тұлғалары үшін әрдайым мыналарға жол берілмейді:

• пара ұсыну, уәде ету немесе төлеу, оның ішінде Ынталандыру төлемдерін, өзге де заңсыз төлемдерді немесе Саяси маңызды тұлғаның пайдасына немесе олардың пайдасына немесе осындай тұлғалардың нұсқауымен;

• мұндай мінез-құлыққа жәрдемдесу, делдал болу, көмектесу немесе қолдау.

Егер Серіктестіктің Жұмыскері/Лауазымды тұлғасы Саяси маңызды тұлғаға пара ұсынып, төлеуге тырысса немесе төлесе, пара беру кезінде делдал болса, тіпті егер Серіктестіктің Жұмыскері/Лауазымды тұлғасы айырбасқа пайда алмаса да, Ережелерді бұзу орын алады.

4. Сылбыр парапорлық

Серіктестіктің Жұмыскерлері/Лауазымды тұлғаларына мыналарға тыйым салынады:

• Саяси маңызды тұлғадан пара сұрау, талап ету, пара алуға келісу немесе алу.

Бұл тыйым Жұмыскер өзінің пайдасына немесе басқа тұлғаның атынан пара алғанына қарамастан қолданылады.

Егер Серіктестіктің Жұмыскері/Лауазымды тұлғасы пара сұраса немесе талап етсе, Ережелерді бұзу орын алады; пара нақты төленбейі мүмкін.

5. Коммерциялық паралау дегеніміз не?

Коммерциялық паралау - коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқару функцияларын орындаудың тұлғаға ақша, бағалы қағаздар немесе өзге де мұліктерді заңсыз беру, сол сияқты оның өз қызмет дәрежесін пайдалануы үшін мүліктік сипатқа ие қызметтерді оған заңсыз көрсету, сондай-ақ парага сатып алушы жүзеге асыратын тұлғаның мүдделері үшін қызмет бойынша жалпы болысушылық немесе қостау.

6. Қашан артықшылық паралайтын болып саналады?

Артықшылық беру құндылығына қарамастан паралайтын болып табылады, егер мынадай ниет болса:

• алушының немесе басқа тұлғаның тарапынан орынсыз әрекетін ынталандыру немесе көтермелей (Коммерциялық паралау); немесе

• Саяси маңызды тұлға өзінің лауазымдық міндеттерін орындаған кезде коммерциялық артықшылықты алу немесе сақтау мақсатында оған ықпал көрсету (заңсыз немесе басқаша тәсілмен).

Артықшылық беру паралайтын болып табылады, егер:

• ол сыйбайлар жемқорлыққа және парапорлыққа қарсы іс-қимыл туралы тиісті заңдарға сәйкес заңсыз болып табылады;

• ол екінші тарап үшін міндеттеме немесе көзбояу міндеттеме туғызады;

• ол артықшылықты ұсынатын тұлғаға немесе осындай тұлғаның ұйымына белгілі бір пайда немесе жалпы қолдау көрсету мақсатында тұлғаны әрекеттегі немесе әрекетсіздікке итермеледі мақсат етеді;

• ол қызметкерге өзінің қызметтік міндеттеріне қатысты ықпал ету үшін, қызметтік міндеттерін тездету немесе осындай тұлғадан жалпы қолдау алу үшін Саяси маңызды тұлғаға берілген;

• ол құны, жиілігі немесе ұсыну тәсілі бойынша негізсіз болып табылады.

7. Тағы неге тыйым салынған?

Сондай-ақ Сіз үшін мыналар жарамайды:

• қаржылық тәртіпті бұзу, соның ішінде ақша қаражаттарын ұрлау және жалған есептер дайындау, инсайдерлік ақпаратты сату, ақша қаражаттарының ізін жасыру немесе қаражаттарды заңсыз иемдену сияқты қылмыстық іс-әрекеттер;

- Серіктестіктің алдын-ала рұқсатының Серіктестіктің ресурстарын, соның ішінде активтерді, қаражаттарды немесе зияткерлік меншікті жеке пайдалану немесе басқа тұлғаларға ұсыну;
- коммерциялық ұйымның, (толықтай немесе ішінәр) мемлекеттік ұйымның жекелеген жұмыскерін немесе Саяси маңызды тұлғаны заңсыз әрекеттерге көндіруге тырысу;
- тікелей немесе жанама түрде, агент немесе қауымдастырылған тұлға арқылы Пара/Коммерциялық паралауды ұсыну, беру немесе рұқсат ету:
 - a. Саяси маңызы бар адамға, немесе
 - b. коммерциялық немесе басқа да ұйымның менеджеріне, қызметкеріне немесе жұмыскеріне;
- Серіктестіктің қайсыбір бәсекелесінің, жеткізуашісінің немесе тапсырыс берушісінің жұмыскеріне рұқсат етілмеген (мүліктік немесе өзге де) пайданы ұсыну немесе беру, бұл әділетсіз бәсекелестік артықшылыққа және бәсекелестік туралы қолданыстағы қағидаларды бұзуға әкеліп жеткізуі мүмкін, мысалы, Серіктестіктің бәсекелестерге қатысты тиісті емес артықшылығына әкеліп жеткізуі мүмкін кез келген пайда сияқты;
- Серіктестікке қатысты заңсыз бәсекелестік артықшылықты алу үшін Саяси маңызды тұлғалармен кез-келген байланыстарды пайдалану;
- Ережелерге сәйкес заңсыз төлемдердің нышандары немесе назар аудару белгілері туралы немесе осындай мінезд-құлыққа күдік туғызатын кез келген жағдайлар туралы хабарламауға;
- алайқтық жалған мәлімдемелермен қоса, тарапты қаржылық немесе басқа да пайда алуға немесе міндеттемелерден жалтаруға итермелейтін іс-әрекеттер жасау;
- жоғарыда аталғандардың кез-келгенін жасыру немесе жасыруға тырысу.

«ТеңізСервис» ЖШС-інің
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл жөніндегі ережелеріне
№ 3 қосымша

Контрагенттермен бекітілетін шарттарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпенің үлгісі

1. [Шарт бойынша контрагенттің атауы] осы шарт бойынша әрекет ететін өзімен еншілес барлық жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі олардың әрқайсысы «Еншілес тұлға» деп аталады), оның ішінде [Шарт бойынша контрагенттің атауы] құрылтайшыларын / акционерлерін, лауазымды тұлғаларын, жұмыскерлерін және агенттерін шектеусіз қосқанда, қамтамасыз етуге міндетті, осы ескертпенің кепілдемесін сақтайтынын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

2. [Шарт бойынша контрагенттің атауы] және барлық Еншілес тұлғалар мынадай әрекеттерді тікелей немесе жанама турде жүзеге асырмауга міндеттенеді:

2.2.1. Бизнесті заңсыз алу, сақтау немесе жүргізу немесе Серіктестік үшін заңсыз артықшылықтар алу мақсатында мемлекетпен байланысты кез-келген тұлғаларға қайсыбір ақша қаражаттарын төлеу, ұсыну, уәде ету немесе төлеуге рұқсат ету (сыйлықтар, ойын-сауық пен субсидиялармен қоса).

2.2.2. Коммерция саласында парақорлыққа тыйым салатын қолданыстағы заңдарды бұзатын өзге де іс-әрекеттерді жасамау, соның ішінде Коммерциялық паралауды және бизнесті жүргізудің басқа да заңсыз тәсілдерін қоса.

3. [Шарт бойынша контрагенттің атауы] мемлекетпен байланысты тұлға болып табылмайды, және оның лауазымды тұлғалары, жұмыскерлері немесе тікелей немесе жанама иелері болып табылатындар Саяси маңызды тұлға болып табылмайды. [Шарт бойынша контрагенттің атауы] қайсыбір Саяси маңызды тұлға [Шарт бойынша контрагенттің атауы] лауазымды тұлғасы немесе жұмыскері болған немесе [Шарт бойынша контрагенттің атауы] тікелей немесе жанама қатысу үлесін алған кез келген жағдай туралы Серіктестікке деруе жазбаша турде хабарлауға міндеттенеді.

4. [Шарт бойынша контрагенттің атауы] заңға қайшы емес мақсаттарда емес, заңды шаруашылық әрекетті жүзеге асыру мақсатында құрылған және қаржыландырудың тек заңды көздеріне ие.

5. [Шарт бойынша контрагенттің атауы] және оның Еншілес тұлғалары алаяқтыққа немесе сыбайлас жемқорлыққа байланысты қандай да бір заңсыз әрекеттер үшін сотталған немесе кінәлі деп танылған емес.

6. [Шарт бойынша контрагенттің атауы] Серіктестіктің ресми сайтында Серіктестіктің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ережелерімен танысқанын раставиды. [Шарт бойынша контрагенттің атауы] өзінің Серіктестіктің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ережелерін толығымен түсінетінін раставиды.

7. [Шарт бойынша контрагенттің атауы] осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпенің талаптары нақты немесе ықтимал бұзылған жағдайда Серіктестікке шынайы көмек пен қолдау көрсетуге, соның ішінде өз құрылтайшыларына / акционерлеріне, лауазымды тұлғаларына және басқа да Еншілес тұлғаларына сауалнама жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

8. [Шарт бойынша контрагенттің атауы] Серіктестіктің әрекетіне қатысты сыйбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпенің талаптарын бұзудың барлық жағдайлары туралы Серіктестікке уақтылы хабарлауға міндеттенеді.